



“Сабақта оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін енгізу арқылы білім сапасын арттыру”





Бүгінгі таңдағы мұғалім қандай болу керек? Ол заман талабына сай сандық технологияны меңгерген өз практикасында инновациялық әдістерді қолдана білетін үнемі ізденушілікте болу керек..

Қазіргі заман талабына сай білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданылып келеді. Түрлі зерттеулер нәтижесінде бұл технологиялар мектеп тәжірибесіне де енгізілген.

Сабақ қызықты әрі тартымды өтуі үшін тиімді әдіс-тәсілдің бірі-«Деңгейлеп оқыту». Бұл технология әдісі оқушылар үшін қандай нәтиже береді?



Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында оқушының мынадай іс-әрекеттері жүзеге асады :

– тапсырманы орындауда ұтымды жолдарды қарастыру әрекеті.

– жұмысын жоспарлай білу әрекеті.

– өткен тақырып пен жаңа тақырыпты салыстыру әрекеті.

– тексеру әрекеті.


– қатені түзетуі.

– өзіндік тұжырым жасап, қорытынды жасау әрекеті.



Жаңа технологиялардың тиімділігінен мынадай оң нәтижелерге қол жетеді

- оқушылар өз бетімен ізденуге үйренеді,**
- оқуға деген қызығушылығы артады,**
- іскерлік дағдысын дамытады,**
- ақпаратты саралауға, жүйелеуге дағдыланады,**
- сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге дағдыланады,**
- мақсатқа өз бетімен ұмтылады,**
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы артып, негізгі түйінді табуға машықтанады,**
- шығармашылық белсенділіктері артады.**



Өз іс-тәжірибемде нені пайдаланып жүрмін және қалай? деген сұрақ келер болсақ, білім беру барысында өзім төмендегілерді:

-Диалогтік әңгімеде мұғалім оқушыларды тыңдай білуге және оларға жауап бере білуі тиіс екеніне;

-Алғашқыда қойылатын сұрақтар ғана емес, оқушы жауабынан кейінгі туындайтын сұрақтардың да маңызы зор екеніне;

-Мұғалім оқушылардың жауабын, олардың білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, оларға өз ойларын анық білдіруге дамытуға, кеңейтуге мүмкіндік беру керек екенін білдім.

- Тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалану арқылы оқушыларды ынтымақтаса жұмыс жасауына жағдай жасау.



Алдағы уақытта оқушыларға топтық тапсырмалар беру арқылы оқушы өз қатесін өзі таба алатындай етіп, яғни өз бетінше жұмыс жасауына, ізденіспен жұмыс істей алу қабілетін ашуға тырысамын. Оқушылардың өзін-өзі реттеуі арқылы білім игерудегі бастау нүктесін табу.

Сөзімнің соңын Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,- дейді.